

Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 188 "Бейнеу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 377 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қаңтарда № 26436 болып тіркелді

Бейнеу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бейнеу ауданы әкімдігінің "Бейнеу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" 2020 жылғы 28 шілдедегі № 188 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4263 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 қосымшасына:

реттік нөмірлері 13, 14-жолдарға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

2. "Бейнеу аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Теміровке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу ауданының әкімі

Б. Абилов